

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Ө.А.Байқоңыров атындағы Тау - кен металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

Жұмағұл Жеңіс Серікұлы

Қала аумағында жылжымайтын мүліктің нарықтық құнын бағалау Алматы қаласы
Әуезов ауданы

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6B07304 – «Геокеңістіктік цифрлық инженерия»

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Ө.А. Байқоңыров атындағы тау-кен – металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

«Маркшейдерлік іс және геодезия»

кафедрасының меңгерушісі

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
НАО «КазНТУ им. К.И. Сәтбаев»
Горно-металлургический институт
им. О.А. Байқоңурова

PhD докторы

Э.О. Орынбасарова

» 06 2023ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Қала аумағында жылжымайтын мүліктің нарықтық құнын бағалау
Алматы қаласы Әуезов ауданы»

6B07304 – «Геокеңістіктік цифрлық инженерия»

Орындаған

Білім алушының аты-жөні

Рецензент
Ата оқытушы
Жантүева АНА
06 2023ж.

Ғылыми жетекші: т.ғ.м.

АБ Абдуллаева А.Б.
« 06 » 2023ж.

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Ө.А Байқоңыров атындағы тау-кен – металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

6B07304 – «Геокеңістіктік цифрлық инженерия»



«Маркшейдерлік іс және геодезия»
кафедрасының меңгерушісі
Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің директоры
Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ректоры
Орынбасарова
«12» 2023ж.

Дипломдық жұмысты орындауға арналған
ТАПСЫРМА

Білім алушы: Жұмагүл Жәніс Серікұлы

Тақырыбы: Қала аумағында жылжымайтын мүліктің нарықтық құнын бағалау Алматы қаласы Әуезов ауданы

Академиялық істер жөніндегі проректор 2022 жылғы «23» 11 №408-П/Ө бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «14» 06 2023жыл Дипломдық жұмыстың бастапқы деректері: Оқу барысында жинаған біліммен және-де практика кезіндегі тәжірибе

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Қазіргі таңдағы жылжымайтын мүлік нарығындағы жағдайды талдау

б) Құнға әсер ететін факторларды анықтау

в) Тәсілдерді қолдана отырып есептеулер арқылы нысанның нарықтық құнын анықтау

Графикалық материалдардың тізімі: үй-жай эксплиясы, AutoCAD бағдарламасымен орындалған сызба:

1. Аманжолова, Б. А. Анализ и оценка приносящей доход недвижимости: учебное пособие, Москва 2013. – 231б 2. Н. В. Клебанович, Л. И. Смыкович. Жер кадастры: оқулық - Минск: 2021. -278б 3. Жер-кадастрлық құжаттамалардың құрылымын, құрамын және мазмұнын бекіту туралы, 10 желтоқсан 2014ж., № 9951 интернет ресурсы: <http://adilet.zan.kz>. 4. Сейфуллин Ж.Т., Сейтхамзин Г.Ж. Жерді кадастрлық аймақтау, бағалау және жер салығын салу: оқулық - Алматы, 2011ж.-188б 5. Алматы қаласының жер учаскелері мен жылжымайтын мүліктерін сату, сәуір 2023 ж., интернет-ресурс: <https://krisha.kz/> 6. Семейные квартиры в зеленом районе Алматы: <https://kamenka-park.kz/>

Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, зерттеп дайындалатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлім	16.05.2023	<i>AB</i>
Арнайы бөлім	18.05.2023	<i>AB</i>

Аяқталған дипломдық жұмыс үшін, оған қатысты бөлімдердің жұмыстарын көрсетумен, кеңесшілер мен және норма бақылаушының қойған қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер тегі, аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Негізгі бөлім	Абдуллаева А.Б. т.ғ.м.	15.05.2023	<i>AB</i>
Арнайы бөлім	Абдуллаева А.Б. т.ғ.м.	18.05.2023	<i>AB</i>
Норма бақылаушы	Шәкіева Г. т.ғ.м.	12.06.2023	<i>GP</i>

Ғылыми жетекшісі *AB* Абдуллаева А.Б.

Білім алушы тапсырманы орындауға алды *AB* Жұмағұл Ж.С.

Күні «18» 06 2023ж.

АНДАТПА

Жалпы дипломдық жұмыстың мақсаты қазіргі таңдағы жылжымайтын мүлік нарығындағы жағдайды баяндап Алматы қаласы аумағындағы жылжымайтын мүлік нысанын негіз ете отырып жоба жасау.

Дипломдық жұмыстың бірінші тарауында жылжымайтын мүліктің нарықтық құнын бағалаудың теориялық және әдіснамелік негіздері мен жылжымайтын мүлік объектілерінің құнын бағалау теориясына тоқталып, жылжымайтын мүлік объектілерінің құнына әсер ететін факторлар қарастырылды. Алматы қаласының жылжымайтын мүлік нарығының екі бөлмелі пәтерлерінің қазіргі жағдайы сипатталды, сонымен қатар жылжымайтын мүлікті бағалаудың қысқаша әдістемесі сипатталды.

Екінші тарауда жылжымайтын мүлік объектісінің құнын, бағаланатын объектінің сипаттамасы жасалды. Жылжымайтын мүлік объектісіне – Алматы қаласындағы Таусамалыда орналасқан жаңа екі бөлмелі пәтерге кіріс, шығын және салыстырмалы тәсілдермен бағалау жүргізілді.

АННОТАЦИЯ

Общая цель дипломной работы-разработка проекта с изложением ситуации на современном рынке недвижимости с обоснованием объекта недвижимости на территории города Алматы.

В первой главе дипломной работы были рассмотрены теоретические и методологические основы оценки рыночной стоимости недвижимости и теория оценки стоимости объектов недвижимости, рассмотрены факторы, влияющие на стоимость объектов недвижимости. Охарактеризовано современное состояние двухкомнатных квартир рынка недвижимости города Алматы, а также описана краткая методика оценки недвижимости.

Во второй главе составлена характеристика стоимости объекта недвижимости, оцениваемого объекта. Проведена оценка объекта недвижимости – новой двухкомнатной квартиры, расположенной в Таусамали г. Алматы, доходным, убыточным и сравнительным способами.

ANNOTATION

The overall purpose of the thesis is to develop a project outlining the situation on the modern real estate market with the justification of a real estate object on the territory of the city of Almaty.

In the first chapter of the thesis, the theoretical and methodological foundations of the assessment of the market value of real estate and the theory of valuation of real estate objects were considered, the factors affecting the value of real estate objects were considered. The current state of two-room apartments in the real estate market of Almaty is characterized, and a brief methodology for assessing real estate is described.

In the second chapter, the characteristics of the value of the real estate object, the object being evaluated, are compiled. The evaluation of the real estate object – a new two-room apartment located in Tausamali, Almaty, was carried out in profitable, unprofitable and comparative ways.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	6
1 Тұрғын үй жылжымайтын мүлігінің құнын бағалаудың теориялық және әдіснамелік негіздері	8
1.1 Жылжымайтын мүлік ұғымы және оның негізгі түрлері	8
1.2 Жылжымайтын мүлік құнының түрлері және бағалау факторларының қалыптасуы	12
1.3 Тұрғын үй объектілерінің құнын бағалау әдістері	16
2 Алматы қаласы бойынша тұрғын үйдің нарықтық құнын бағалау	20
2.1 Бағалау объектісінің сипаттамасы	20
2.2 Екі бөлмелі пәтердің нарықтық құнын бағалау	26
Қорытынды	33
Пайдаланылған әдебиеттер	34

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта біздің мемлекетіміздің қоғамдық-экономикалық саясатының басым бағыттарының бірі тұрғын үй жылжымайтын мүлік нарығын дамыту болып табылады. Бұл бағыттың маңыздылығы неде десек тұрғын үй проблемасының өткірлігіне байланысты, өйткені әлеуметтік нәтижелер зерттеулері көрсеткендей, Қазақстан тұрғындарының 60-70% - дан астамы өздерінің тұрғын үй жағдайларына қанағаттанбайды, ал екінші жағынан, халықтың едәуір бөлігінің табысының төмен деңгейде.

Қазақстандағы нарықтық экономиканың дамуы жеке меншіктің алуан түрлілігіне әкелді. Меншік иесіне тиесілі жылжымайтын мүлікті өз қалауы бойынша басқаруға, сондай-ақ пәтер ретінде немесе кеңсе түрінде не болмаса студия (н.п.) ретінде де пайдалана алады.

Меншік иесінің құқығын іске асыру кезінде туындайтын негізгі мәселелердің бірі-мүліктің құны туралы мәселе. Тұрғын үйдің құнын анықтау үшін оны бағалау қажет болады. Меншікті бағалау - бұл мақсатқа не болмаса бағалау талаптарына сәйкес мүліктің құнын анықтау.

Бағалау технологияларын қолданудың негізгі бағыты жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу – сату болып табылады. Жылжымайтын мүліктің құнын бағалау, мысалы, банктен белгілі бір несие алғанда кепілге қою үшін керек.

Нарықтық экономиканың дамуы жағдайында жылжымайтын мүлікті бағалау маңызды рөл атқарады. Бағалау қызметінің маңыздылығы жеке сектордың кеңеюіне, сондай-ақ инвестициялардың өсу қажеттілігіне байланысты.

Бұл жұмыстың өзектілігі неде десек жылжымайтын мүлік қоғам мен мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік - мәдени өмірінде маңызды рөл атқарады, кез-келген адамның әрекеті жүзеге асырылатын маңызды экономикалық ресурс ретінде әрекет етеді. Елдің индустриалды даму деңгейі қаншалықты жоғары болса да, жер мен жылжымайтын мүлік әрқашан ұлттық байлықтың маңызды бөлігін құрайды деп сеніммен айта аламыз [1].

Жылжымайтын мүліктің нарықтық құнын анықтау өте қиын және ерекше процесс, онда екі ұқсас объектіні табу қиынға соғады. Ғимараттар бір типтік жоба бойынша салынған, бірақ әртүрлі жер учаскелерінде болса да, олардың бағасы айтарлықтай өзгеруі мүмкін екенін ескерген жөн.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы жылжымайтын мүлік нарығы қарқынды дамуда. Қазір елдің жылжымайтын мүлік нарығында пәтерлер мен бөлмелер, кеңсе ғимараттары мен үй-жайлар, өндірістік және сауда ғимараттары, коттедждер, саяжайлар мен жер учаскелері бар ауылдық үйлер, сондай-ақ әртүрлі мақсаттағы бос учаскелер бар яғни бұл нарықтың алуандылығын көрсетеді.

Өздеріңіз білетіндей, объектінің нарықтық құны бағаланады, бірақ көптеген жағдайларда оның басқа түрлері қолданылуы мүмкін, олар; сақтандыру, инвестициялық және де салық салыну кезінде.

Белгілі бір мүлікті нақты бағалауға көптеген факторлар әсер етеді. Мысалы, нарықтық бағалауға оған сұраныс деңгейі және аналогтарға сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы, ұқсас объектілерді құруға кететін шығындар деңгейі, сондай-ақ жоспарланған кірістерді алу тәуекел деңгейі әсер етеді.

Белгілі бір мүлікті нақты бағалауға көптеген факторлар әсер етеді. Мысалы, нарықтық бағалауға оған сұраныс деңгейі және аналогтарға сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы сондай-ақ ұқсас объектілерді құруға кететін шығындар деңгейі, немесе егер қандай-да бір кіріс табуды көздейтін болса сол жылжымайтын мүлік арқылы, онда соның пайдасы есепке алынып нарықтық бағалауға әсер етеді деп айтсақта болады.

Бұл дипломдық жұмыстың мақсаты жылжымайтын мүліктің тұрғын үй нарығын бағалаудың үш тәсілімен бағалау болып табылады.

1.Бағалау объектісі ретінде тұрғын үй объектілерінің ерекшеліктерін зерттеу;

- тұрғын үй жылжымайтын мүлік ұғымы мен құрамын анықтау;
- тұрғын үйді бағалау кезінде қолданылатын принциптерді зерттеу;
- жылжымайтын мүлік нарығының ерекшеліктерін сипаттау;

2.Тұрғын үйді бағалау әдістерін зерттеу:

- табыс табу мақсатында бағалау әдістері;
- салыстырмалы бағалау әдістері
- кететін шығын бойынша бағалау әдістері.

3.Жылжымайтын мүлік объектісін тікелей бағалау (пәтер)

- Бағалау объектісінің сипаттамасы, ақша ағындарын дисконттау әдісімен тұрғын үй-жайды кіріс тәсілі бойынша бағалау;

- салыстыру әдісімен салыстырмалы тәсіл бойынша тұрғын үй-жайдың құнын бағалау;

- тұрғын үйді шығынды тәсіл бойынша бағалау және қалпына келтіру құнын есептеу, сатуды салыстыру әдісін қолдану кезінде жер учаскесін бағалау, нәтижелерді келісу және қорытынды шаманы шығару.

Зерттеу нысаны қайталама тұрғын үй нарығы болып табылады. Зерттеу жалпы тұрғын үй жылжымайтын мүлік нарығын бағалау әдістері мен модельдері, сондай-ақ баға факторларының тұрғын үй объектілерінің нарықтық құнына әсер етуі болып табылады.

Зерттеудің әдіснамелік және теориялық негізі - жылжымайтын мүлікті зерттеу және жаппай бағалау модельдерін жасау мәселелерімен айналысатын ресейлік және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері негіз болады.

Зерттеудің ақпараттық негізі Алматы қаласындағы қайталама тұрғын үй жылжымайтын мүлік нарығының объектілерін сатуға ұсыныс туралы нақты деректер жарияланған сайттар негізінде іріктеу, баспасөзде жарияланған ақпараттық материалдар, сондай-ақ өзімнің зерттеулерімнің негізінде болады.

Жылжымайтын мүлікті дәл бағалауға қол жеткізу үшін үш негізгі тәсілді қолдану қажет: шығындар, кірістер және салыстырмалы. Бұл дипломдық жұмыста барлық үш тәсіл қолданылды.

1 Тұрғын үй жылжымайтын мүлігінің құнын бағалаудың теориялық және әдіснамелік негіздері

1.1 Жылжымайтын мүлік ұғымы және оның негізгі түрлері

Жылжымайтын мүлікті жылжымалы және жылжымайтын мүлікке бөлу Рим үкіметінен бастау алады және жылжымайтын нарығынсыз ешқандай дамыған қоғам мен мемлекет өмір сүре алмайтыны белгілі.

Жылжымайтын мүлік дегеніміз-бұл жерде қозғалмайтын, ондағы ғимараттар мен құрылыстардан тұратын кез-келген мүлік. Осылайша, мүлік олардың табиғатына сәйкес жылжымайтын болып саналады.

Кейбір зерттеушілердің пікірінше, жылжымайтын мүлік - бұл жер бетіндегі барлық мүлікті қамтитын нақты жер және барлық материалдық мүлік. Жылжымайтын мүліктің негізгі үш түрі бар. (сурет.1.1).

Заң бойынша жылжымайтын мүлік болып; жер, үйлер, зауыттар, фабрикалар, дүкендер, барлық ғимараттар мен бос аулалар, сондай-ақ теміржолдар да заң бойынша жылжымайтын мүлік болып танылады [2].




1 - сурет – Жылжымайтын мүліктің негізгі түрлері

Экономикалық тұрғыдан алғанда, жылжымайтын мүлік-бұл экономикалық тауарлардың бір түрін, атап айтқанда жылжымайтын мүлікті қалыптастырумен үздіксіз байланысты жалпы экономикалық процестің үлесі.

Экономикалық теорияға сәйкес экономикалық пайда дегеніміз, пайда алу көзі ретінде қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қолданылады. (сурет 1.2.)

Қазіргі экономикада құнның көптеген түрлері бар. Олар әртүрлі қажеттіліктер мен функцияларға байланысты қажет. Бұған қарыз құны,

сақтандыру құны, негізделген нарықтық құн, баланстық құн, жалдау құны, тарату құны, инвестициялық құн және басқалары кіреді. Алайда, жалпы алғанда, шығындарды екі санатқа бөлуге болады: айырбастау құны және пайдалану құны.



2 - сурет – Экономикалық пайда ретінде.

Жылжымайтын мүліктің өзіне тән ерекшелігі оның жермен ажырамас байланысы деп атауға болады, бұл оның айтарлықтай құнын болжайды. Жер учаскелерімен қарым-қатынастан тыс жылжымайтын мүліктер өз маңызын толығымен жоғалтады және соған сәйкес құны төмендейді. Осылайша, бұзуға арналған арнайы питомниктер мен үйлерде өсірілген ағаштар жылжымайтын мүлік ретінде қарастырылмайды.

Жылжымайтын мүлік нарығының дамуы анықталады:

1) Экономикалық өсу. Нарықта толық өсу болмаған кезде қысқа мерзімді жағдайлардың пайда болу мүмкіндігі бар болса да, мұндай жағдайлар өте сирек кездеседі;

2) облыстың қаржылық даму сатысына (дағдарыс, тоқырау, өнеркәсіптік даму), сондай-ақ жұмыс орындарының болуына байланысты жылжымайтын мүлікті сатып алу мақсатындағы экономикалық мүмкіндіктерге;

3) жылжымайтын мүлік бағасы мен ауданның экономикалық перспективасы арасындағы экономикалық байланыстар арқылы жүзеге асырылады. Көптеген аймақтар тоқырауға ұшырады, өйткені олардың негізгі салалары құлдыраған.

Тұрғын үй жылжымайтын мүлік нарығын қалыптастыру жаңа үйлердің құрылысын кеңейтуге және қолданыстағы тұрғын үйлерді пайдалануды жақсартуға оң әсер етеді.

Тұрғын үй нарығын дамыту мыналарды болжайды:

- Тұрғындардың пәтерлерін толық жекешелендіруді жүзеге асыру;
- көппәтерлі үйлердің құрылысын және жеке тұрғын үй құрылысының дауы;

- тұрғын үй және жер учаскелерін сату бойынша ұйымдар мен орталықтарды дамыту;

- энергиямен және жылумен жабдықтау жүйелерін өндіру, монтаждау жөніндегі кәсіпорындарды дамыту;

- ипотекалық несиелеу жүйесінің қалыптасуы;

- тұрғын үй нарығына қызмет көрсету бойынша қаржылық және құқықтық құралдарды дамыту және тұрғын үй құрылысын қаржыландыру көздерін, оның ішінде халықтың жинақтарын кеңейту, сондай-ақ кепіл заңнамасын қалыптастыруды дамытады деп айта аламыз.



3 - сурет – Жылжымайтын мүлік нарығының негізгі ерекшеліктері

Жер учаскесі - бұл мемлекеттік жер кадастрында және жер құқықтарын мемлекеттік тіркеу құжаттарында көрсетілген шекарасы, ауданы, орналасқан жері, құқықтық мәртебесі мен басқа да көптеген сипаттамалары бар жер бетінің бөлігі. Жер учаскесінің құрамдас бөлігі бола отырып, барлық жасанды жылжымайтын мүлік объектілері оларды жылжымалы объектілерден ажыратуға мүмкіндік беретін жалпы белгілерге ие. Бұл:

-стационарлық, қозғалыссыздық. Бұл критерийлер жылжымайтын мүліктің жер бетімен берік физикалық байланысымен және оны физикалық бұзылусыз немесе зақымдамай кеңістікте Жылжыта алмауымен сипатталады, бұл оны әрі қарай пайдалануға жарамсыз етеді;

-материалдық. Жылжымайтын мүлік объектісінің физикалық қасиеттері, оның көлемі мен формасы, қолайсыздықтар мен қауіптер, қоршаған орта, кірме маршруттар, коммуналдық қызметтер, жер беті мен жер асты қабаты, рельеф және т.б. осы қасиеттер кешені объектінің пайдасын анықтайды, бұл өз кезегінде жылжымайтын мүлік құнының негізі болып табылады.

- Жылжымайтын мүліктің беріктігі әрдайым басқа тауарлардың беріктігінен жоғары, тек асыл тастар мен сирек металдардан жасалған бұйымдардың жекелеген түрлерінен басқа. Еліміздегі қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес, негізгі құрылымдарға байланысты тұрғын үй беріктігі 15 жылдан 150 жылға дейінгі нормативтік қызмет мерзімі бар алты топқа бөлінеді. Шын мәнінде, екі бірдей пәтер, бірдей учаскелер, бірдей ғимараттар туралы айту мүмкін емес, өйткені олар басқа жылжымайтын мүлік объектілеріне, сондай-ақ инфрақұрылымға, соның ішінде күннің түсу бұрышына байланысты орналасуы да әр түрлі болады, бұл кез-келген жылжымайтын мүліктің өз алдына ерекше екенін көрсетеді.

Шын мәнінде, екі бірдей пәтер, бірдей учаскелер, бірдей ғимараттар туралы айту мүмкін емес, өйткені олар басқа жылжымайтын мүлік объектілеріне, сондай-ақ инфрақұрылымға, соның ішінде негізгі нүктелерге қатысты орналасуында әр түрлі болады, бұл кез-келген жылжымайтын мүліктің бірегейлігін көрсетеді.

Жылжымайтын мүлік объектісі өзінің функционалды мақсатына ие. Ол өндірістік және өндірістік емес болуы мүмкін. Өндірістік мақсат - бұл жылжымайтын мүлік объектісі өнімді қалыптастыруға, жұмыстарды орындауға, қызметтерді ұсынуға тікелей немесе жанама түрде қатысқан кезде. Өндірістік емес мақсат ол адамдарға тұрғын үй мен қызмет көрсетудің барлық мүмкін жағдайларын ұсынады [2].

Ғимараттар мен құрылыстардағы жабдықтар (жылыту, су құбыры, кәріз, электр жабдықтары, лифттер, торлар, металл есіктер) жылжымалы мүлікке тиесілі екендігіне назар аудару керек, өйткені бұл меншік объектісіне қажет. Мәміле жасалған жағдайда осы объектіге сәйкес жылжымайтын мүліктің құрамына кіретін барлық жылжымалы мүлікті мұқият сипатталу керек. Көбінесе жылжымайтын мүлікпен мәмілелер жасау кезінде жылжымайтын мүлікке жатпайтын құқықтар мен мүдделер жиынтығы берілуі мүмкін. Мысалы, бұл жалдау құқықтары, артықшылықты сатып алу құқықтары, сондай-ақ басқа да мүдделер түрі болуы мүмкін.

Мүлікті жіктеудің әртүрлі тәсілдері бар. Жылжымайтын мүлік объектілерінің құнын бағалау, атап айтқанда: жер учаскелері, ғимараттар мен құрылыстар екі топқа бөлінеді:

- Мамандандырылмаған жылжымайтын мүлік;
- мамандандырылған жылжымайтын мүлік.

Жылжымайтын мүлік нарығының құрылымы, оны белгіленген ерекшеліктерге сәйкес жіктеу бірқатар көрсеткіштермен анықталады, соған байланысты қарастырылып отырған параметрлерге берілген басымдықтар мен маңыздылық өзгереді. Мысалы, инвесторлар үшін пайдаланылатын

инвестициялау құралдарына байланысты тұрғын үй нарығын жіктеу ақылға қонымды. Сарапшы-бағалаушыға жоғарыда келтірілген нарық құрылымынан басқа сондай-ақ жылжымайтын мүлік объектілерін олардың дайындық деңгейіне сәйкес жіктеу қажет:

- дайын нысандар;
- қайта құруды немесе күрделі жөндеуді қажет ететін объектілер;
- аяқталмаған нысандар.

Бүгінгі күні мүлікті әртүрлі белгілер бойынша бөлу үшін қолданылатын көптеген жіктеулер бар, бірақ олардың барлығы бірдей құрылымға ие. Жылжымайтын мүліктің әртүрлі классификацияларын олардың әртүрлі ерекшеліктері мен аспектілеріне сәйкес қолдану жылжымайтын мүлік нарығын зерттеу процесінің нәтижесі мен тиімділігін едәуір арттырады. Осы жіктеулердің көмегімен жылжымайтын мүлікті бағалау әдістерін қалыптастыру және оларды одан әрі пайдалану жеңілдетіледі және жеңілдетіледі. Бұл жіктеулер функционалдық белгілері бойынша ұқсас жылжымайтын мүлік топтарын анықтайды. Мұндай тәсіл жылжымайтын мүлікті объективті бағалауға ықпал етеді.

1.2 Жылжымайтын мүлік құнының түрлері және бағалауфакторларының қалыптасуы

Қазақстан Республикасының “бағалау қызметі” туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделіп отырып өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады. "Бағалау қызметі туралы" заң тұрғын үй объектісін бағалауға мүмкіндік береді сонымен қатар мемлекеттік статистикалық және бухгалтерлік есепті жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке тәуелді емес. Бұл заңда объектілерді бағалау міндетті болып табылатын жағдайлардың тізімі белгіленген. Атап айтқанда, мүлікті бағалау міндетті деп танылады, ол жылжымайтын мүлікті сату немесе жалға беру аукциондары үшін бастапқы құнын белгілеген кезде Қазақстан Республикасының немесе муниципалитеттердің толық немесе ішінара субъектілеріне тиесілі. [3].

Сондай-ақ бағалау жүргізу меншік объектілерінің құны туралы, мүлікті мемлекет меншігіне алу кезінде, ипотекалық кредиттеу кезінде, сенімгерлік басқарудағы жылжымайтын мүлік объектісін иелену құқығы өзгерген кезде, сондай-ақ неке шарттарын жасау немесе ажырасқан ерлі-зайыптылардың мүлкін бөлу кезінде даулар туындаған жағдайда міндетті шарт болып табылады.

Нарықтық жағдайда жылжымайтын мүліктің құны экономикадағы және жалпы қоғам өміріндегі көптеген факторларға, тенденциялар мен өзгерістерге байланысты. Жылжымайтын мүлікті бағалау қажеттілігі келесі жағдайларда талап етіледі:

- Сатып алу-сату немесе жалға беру кезіндегі әрекеттер;
- компанияларды акциялау және мүліктік үлестерді қайта бөлу;

- жаңа акционерлерді тарту және акциялардың қосымша эмиссиясы;
- жылжымайтын мүлік объектілеріне салық салу мақсаттары үшін де кадастрлық талдау жүргізілгенде;
- Жылжымайтын мүлікті сақтандыру кезінде;
- жылжымайтын мүлік объектілерін кепілге бергенде;
- кәсіпорындар мен ұйымдардың жарғылық капиталына салым ретінде меншік объектілерін енгізуде;
- инвестициялық жобаларды әзірлеу және инвесторларды тарту;
- меншік объектілерін жою кезінде;
- мұрагерлік құқықтарын, сот үкімін орындау кезінде, мүліктік дауларды шешу, сондай-ақ жылжымайтын мүлік объектілеріне мүліктік құқықтарды сатуға байланысты басқа да операциялар орындаған жағдайда.

Кез-келген тауар сияқты, жылжымайтын мүліктің де өзіндік құны бар. Жылжымайтын мүліктің құны-бұл белгілі бір мүлікті сатып алу-сату мәмілесінің бағасы.

Мәміленің құны нарықтық бағадан айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін. Бұл айырмашылық "мәмілені түзету" деп аталады, ол аналогтардың болуы немесе нарықтың тұрақтылығы сияқты бірқатар факторларға байланысты.

Бүгінгі таңда экономикада құнның көптеген түрлері бар. Олар әртүрлі қажеттіліктер мен функциялар үшін қажет. Бұған құнның келесі түрлері жатады:

Жылжымайтын мүлік объектісінің құнын анықтау әртүрлі аспектілерге ие. Бұл нарықтық құн, тұтыну құны, қалпына келтіру құны, ауыстыру құны, инвестициялық құн, сақтандыру құны, салық салу мақсатындағы құн, тарату құны, бастапқы құн, қалдық құн, кепіл құны және тұрғын үйді жалға алу құқығының құны және жұмыс істеп тұрған ұйымның құны.

Жылжымайтын мүліктің нарықтық құны-бұл тұрғын үй мүлкінің құны туралы сенімді ақпараты бар және оны сатуға міндетті емес, бірақ оны сатуға келісетін сатушы мен мүліктің құны туралы сенімді ақпараты бар, сондай-ақ оны сатып алуға міндетті емес сатып алушы оны сатып алуға келісетін ақшалай сома. Бұл жағдайда бұл баға ең дәл болып табылады, осыған сәйкес оны бәсекелестік жағдайында тұрғын үй нарығында сатуға болады. Белгілі бір нарықтық құн сауда-саттықтың мәні болып саналады және тербеліс ауқымын қамтиды, ол өз кезегінде көтерілу және төмендеу жағына ие.

Тұтыну құны жылжымайтын мүлік объектісінің жылжымайтын мүлік нарығына шығаруды жоспарламайтын белгілі бір үй иесі үшін маңызды. Жылжымайтын мүлік объектісінің тұтыну құнын бағалау оны пайдалану бейініне және объектінің жұмыс істеуінің тарихына дейінгі аралықта байқалған және болашақта болжанатын қаржы-экономикалық сипаттамаларға сүйене отырып орындалады.

Нарықтық құн жылжымайтын мүлік объектісін жақсырақ және тиімдірек пайдалану қағидаты негізінде қалыптастырылады, ал тұтыну құны объектінің қазіргі пайдалануына қарай қалыптастырылады.

Қалпына келтіру құны бағаланатын объектінің көшірмесін салуға арналған ағымдағы бағалардағы шығыстардан қалыптастырылады. Мұнда

архитектуралық шешімдер, сондай-ақ құрылыс конструкциялары мен материалдары қолданылады. Бұл жағдайда бағаланатын жылжымайтын мүлік объектісінде байқалған архитектуралық шешімдердегі моральдық тозу мен кемшіліктер жасалады.

Ауыстыру құны аналогтық объектіні қалыптастыруға кететін шығындармен анықталады.

Инвестициялық құн пайда әкелетін белгілі бір инвестициялық жоба үшін есептеледі бірақ-та нарықтық бағадан аз және көп жағынан ерекшеленуі мүмкін. Құнның бұл түрі субъективті сипатқа ие.

Бағалау объектісінің сақтандыру құны сақтандыру жағдайы басталған кезде залалды толық өтеу құнын білдіреді. Сақтандыру құны негізінде сақтандыру сомалары, төлемдер мен пайыздар қалыптастырылады.

Жылжымайтын мүліктің бастапқы құны - бұл басынан бастап алынатын және қалыптастыруға кететін шығындар бойынша.

Жылжымайтын мүліктің қалдық құны - тозуды ескерген жағдайдағы объектінің құны.

Жылжымайтын мүліктің кепілдік құны - бұл несиені қамтамасыз ету мақсатында жылжымайтын мүлік объектісінің құны.

Жалпы алғанда, құн екі санатқа бөлінуі мүмкін: айырбастау құны және пайдалану құны.

Айырбастау құны - бұл ұсыныс пен сұраныс факторлары белгілеген тепе-теңдік негізінде еркін, ашық және бәсекеге қабілетті нарықта басым болатын құн. Оны кейде объективті құн деп атайды, өйткені ол нақты экономикалық факторлармен анықталады.

Пайдалану құны - бұл белгілі бір пайдаланушыға немесе пайдаланушылар тобына арналған мүліктің құны, яғни жұмыс істеп тұрған кәсіпорынның құрамдас бөлігі ретінде пайдаланылатын мүліктің құны.

Тұрғын үй нарығын аймақ бойынша зерттеу керек, өйткені тұрғын үй нарығы бұл ең алдымен жергілікті нарық, екіншіден, ол қоршаған ортаға байланысты. Тұрғын үй жылжымайтын мүлік нарығының негізгі аймақтық ерекшеліктері:

- Географиялық;
- халықтың әлеуметтік-экономикалық өмір сүру деңгейі,
- инвестициялық әлеует;
- өңірдегі нарықтық өзгерістер деңгейі;
- өңірдің әлеуметтік-демографиялық әлеуеті (халықтың демографиялық құрылымы, қала және ауыл тұрғындарының құрылымы).

Жылжымайтын мүліктің өңірлік нарығының субъектілері; заңды және жеке тұлғалар ретінде әрекет ететін сатушылар, сатып алушылар (немесе жалға алушылар) және нарықтың кәсіби қатысушылары болып табылады.

Аймақтық жылжымайтын мүлік нарығының дамуына көптеген факторлар әсер етеді, олардың негізгілері:

- 1) Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру саясаты;

2) жылжымайтын мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік және өңірлік саясат;

3) объективті факторлар - бұл жылжымайтын мүлік субъектілерінің нақты мәміле-лер бағасының орташа деңгейін анықтайтын экономикалық факторлар. Оларды келесіге бөлуге болады:

- Нарықтың жалпы конъюктурасына байланысты макроэкономикалық факторлар (салықтар, баждар, доллар бағамының серпіні, инфляция, жұмыссыздық, еңбекақы төлеу деңгейі мен шарттары, жылжымайтын мүлік объектілеріне қажеттілік, сыртқы экономикалық қызметті дамыту және т. б.);

- нақты мәмілелердің объективті параметрлерін сипаттайтын микроэкономикалық факторлар.

4) халық санасынмен байланысты және де психологиялық сипаттағы факторлар:

- Жаппай жарнама;
- инфляциялық күтулер;
- жанашырлық;
- ақпараттандыру және т. б.

5) физикалық факторлар:

- Орналасқан жері-елді мекеннің орталығынан қашықтығы, инфрақұрылым мен көлік қатынасының даму деңгейі жылжымайтын мүліктің құнына тікелей әсер етеді;

- архитектуралық-конструктивті шешімдер ғимараттың мақсаты мен қолданылуына байланысты бұл ғимараттың құны артады немесе азаяды;

- жылжымайтын мүлік объектісінің жай-күйі;
- коммуналдық қызметтердің болуы;
- экологиялық және сейсмикалық факторлар.

б) Жылжымайтын мүліктің бағасы мен сатылу жылдамдығына әсер ететін факторлар:

- Ұқсас ұсыныстардың саны, олардың жылжымайтын мүліктің осы түріне және қаланың дәл осы бөлігінде сұранысқа қатынасы;

- объектінің объективті кемшіліктері (нашар орналасуы, тозуы);
- ауданның беделділігі;
- көлік қатынасы және аудан инфрақұрылымының дамуы;
- үйдің әлеуметтік біртектілігі;
- мәміленің сипаты;
- объектінің заңды болуы.

Жоғарыда атап өткен позицияларға негізделе отырып қорытындылай кетсек құн деп біз айта аламыз:

- Объектінің шын құны, бұл нарық жағдайында ең ықтимал баға;

- объектінің шын нарықтық құны, өйткені нарықтық құн кеңістігі белгілі бір объектінің құнын қамтиды, тек еркін, ашық және бәсекеге қабілетті нарық факторларының әсерінен қалыптасады;

- объектінің объективті шын құны, өйткені ол нарықтың барлық негізгі субъектілерінің - өндірушінің, сатып алушының және инвестордың пікірлерін көрсетеді.

1.3 Тұрғын үй объектілерінің құнын бағалау әдістері

Жылжымайтын мүлік объектілерін бағалаудың бірнеше әдістері белгілі, олар әртүрлі нысандар үшін қолданылады: ғимараттар, құрылыстар, жер учаскелері, пәтерлер, үйлер және т. б. Бағалау әдісін таңдау көптеген факторларға, объектінің сипатына, бағалау мақсаттары мен функцияларына және маманның қолындағы ақпаратқа байланысты болады.

Егер жылжымайтын мүлік объектісі пайда әкелетін болса, бұл жағдайда капиталдандыру әдісі ең қолайлы болады; егер пәтер бағаланса және тұрғын үй нарығында ұқсас пәтерлерді нақты сату туралы нарықтық мәліметтер аз болса, онда оны бағалау үшін сатуды тікелей талдау әдісі қолданылады; егер жылжымайтын мүлік объектісі жылжымайтын мүлік нарығының "пассивті" секторында жұмыс жасаса, содан кейін шығынды тәсілдің әдістерінің бірі ең қолайлы болып саналады. Әдісті таңдау бірқатар функцияларға байланысты. Егер бағалау нәтижелері объектіні сақтандыру үшін қажет болса, онда шығынды тәсіл әдістерінің бірін қолданған жөн.



4 - сурет – Жылжымайтын мүліктің нарықтық құнын бағалау әдістері

Табыс тәсілі капитал салынған жылжымайтын мүліктің құны осы жылжымайтын мүлік ағымдағы бағалауға сәйкес әкелетін кірістің сапасы мен мөлшеріне негізделген. Табыс тәсілін қолдана отырып, жылжымайтын мүліктің нарықтық құнын анықтау жалпы күту принципіне негізделген. Осы қағидатқа сәйкес, әдеттегі инвестор, ол жылжымайтын мүлікті сатып алушы, оны болашақта пайдаланудан кіріс алуды болжай отырып сатып алады. Инвестициялардың мөлшері мен инвестициялар объектісін коммерциялық пайдаланудың пайдасы арасында үздіксіз байланыс бар екенін ескере отырып, жылжымайтын мүлік бағасы ол әкелетін кірістерді алу құқығының құны ретінде қалыптасады.

Табыс тәсілі қолданылады:

- Инвестициялық құн анықтағанда;
- нарықтық құн анықтағанда.

Табыс тәсілі аясында екі әдістің бірін қолдануға болады:

- Кірістерді тікелей капиталдандыру әдісін;
- ақша ағындарын дисконттау әдісін.

Кірістерді капиталдандыру әдісін пайдаланған кезде бір уақыт кезеңіндегі кіріс жылжымайтын мүлік құнына, ал дисконтталған ақша ағындары әдісін пайдаланған кезде - оны жоспардағы жылдар ішінде болжамды пайдаланудан түскен кіріс, сондай-ақ болжамды кезеңнің соңында жылжымайтын мүлік объектісін қайта сатудан түсетін кіріс есепке алынады. Кірістерді капиталдандыру әдісі қолданылады, егерде:

- Табыс ұзақ уақыт бойы тұрақты және оң мәнді білдіресе;
- табыс ағындары тұрақты, қалыпты қарқынмен өсіп жатса.

